22131849818

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
ШЕШІМ

2024 жылғы 19 желтоқсан №7119-24-00-2/14392 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья А.Ч.Абенова,
сот отырысының хатшысы К.Н.Есалиева болып,
ашық сот отырысында келесі арыз бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАПКЕР:
ЖК «Батыс Плюс» атынан Сарсенгалиев Арман Нурланович
(қарсы талап арыз бойынша) «Ұлттық нейрохирургия орталығы» АҚ

ЖАУАПКЕР (ТАЛАПКЕР):
«Ұлттық нейрохирургия орталығы» АҚ
(қарсы талап арыз бойынша) ЖК «Батыс Плюс» атынан Сарсенгалиев Арман Нурланович

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Тауарларды қабылдауға міндеттеу
(қарсы талап арыз бойынша) мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану

СОТ ОТЫРЫСЫНА ҚАТЫСҚАНДАР:
Талапкер (жауапкер): А.Н.Сарсенгалиев
Жауапкердің өкілі (талапкердің өкілі): А.Б.Серимбетова

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

Тараптар Мемлекеттік сатып алу порталы арқылы ашық конкурс тәсілімен сатып алу қорытындыларының хаттамасы негізінде тауарларды (KINEVO 900 операциялық нейрохирургиялық микроскобына арналған HLQ300W+ Шам блогы - 2 жиынтық) жеткізуге 2024 жылғы 03 қазандағы №835 келісім-шарт жасасты. Келісім-шарттың жалпы сомасы 3 672 000 теңгені құрайды.

2024 жылғы 03 қазанда Тапсырыс беруші Мемлекеттік сатып алу порталында өнім беруші тауарды жеткізуге өтінім жоллайды. Жеткізу

Құжатқа қол қойылған: Абенова А. Ч., 25.12.2024
Заңды күшіне енген күні: 28.01.2025, судья Абенова А. Ч., 03.02.2025
7119-24-3-1/14015

мерзімі: тапсырыс берушіден өтінім түскеннен кейін 20 күнтізбелік күн ішінде (23.10.2024 жылға дейін).

Талапкер 2024 жылғы 10 қазанда Тапсырыс берушінің техникалық ерекшеліктерінде көрсетілген барлық талаптарға сай келетін тауарларды шарт талаптарына сәйкес толық көлемде жеткізуді жүзеге асырды. Жауапкер тарапынан жеткізілген тауарларға ақаулар мен техникалық жай-күйіне қатысты шағымдар түскен жоқ.

Алайда, Жауапкер тарапынан тауарды жеткізу кезінде шығу тегі туралы сертификат түпнұсқасын немесе нотариалды куәландырылған көшірмесін талап етіп, тауарларды қабылдамау туралы акт рәсімделген болатын.

Келісім шарттың техникалық спецификацисына сәйкес өнім берушімен жеткізіп отырған тауарға ешбір сертификацияны талап ететін міндеттемелер жүктелмеген. Сондықтан жеткізілген тауарға қандай да бір көрсетілмеген құжаттар талап ету тапсырыс берушінің заңсыз әрекеті болып саналады.

Сондай-ақ «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 2022 жылғы 9 маусымдағы № 570 бұйрығында тауардың шығу тегі туралы сертификатты талап ету - келісім-шарттың жалпы сомасы 1000 айлық есептік көрсеткіштен асатын, яғни 3 692 000 теңгеден жоғары болған жағдайда ғана қолданылатындығын айқын көрсетілген.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 43-бабының 23-тармағына сәйкес тапсырыс беруші мен өнім беруші көрсетілген шарт бойынша қабылданған міндеттемелерді толық орындаған жағдайда Мемлекеттік сатып алу туралы шарт орындалды деп есептеледі. Талапкер тарапынан барлық міндеттемелер толығымен орындалды.

Осыған орай, заңда жоғарыдағыларды және келісім-шарт сомасының 1000 АЕК-тен төмен екендігін ескере отырып, жеткізілген тауарларды келісім-шартқа сәйкес мерзімде қабылдауды жауапкерді міндеттеу үшін талапкер сотқа осы талап арызбен жүгінуге мәжбүр.

Осыған дейін талапкермен жауапкерге тауарды қабылдау туралы сотқа дейінгі талап мемлкеттік сатып алу порталы арқылы жолданған, алайда қазіргі уақытта ешбір жауап жолданбады. Сотқа дейін орын алған мәселені шешуге бағытталған барлық әрекетіміз жауапсыз қалып, келісім-шартты бұзуға біржақты бұзуға әрекет жасауда. Келісім-шарттың талаптарына сәйкес Талапкер тауарды 10.10.2024ж. жеткізген, яғни шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасын төлеу шартқа қол қойылған сәттен бастап 10 жұмыс күніне дейін төлеуді қажет етпейді. Жауапкердің жоғарыда аталған заң бұзушылыққа жол беруі нәтижесінде шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасын төлемеу бойынша құқығы шектелген.

Жоғарғылардың негізінде, талап қоюшы тауарларды шарттың талаптарына сәйкес қабылдауды міндеттеу туралы талап қоюмен жүгінді.

Құжатқа қол қойылған: Абенова А. Ч., 25.12.2024
Заңды күшіне енген күні: 28.01.2025, судья Абенова А. Ч., 03.02.2025
7119-24-3-1/14015

Талап қоюшы өкілі, сот отырысында талап қоюды қуаттап, қанағаттандыруды, ал қарсы талаптың негізсіз екенін айтып, бас тартуды сұрады.

Жауапкер талаппен келіспейтіндігін көрсетіп, сотқа қарсы талап қоюмен жүгінді.

2024 жылғы 05 тамыздағы № 12835503-1 «Ашық конкурс» тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындылары негізінде Жауапкер мен Талапкер арасында жалпы сомасы 3 672 000 теңгеге 2024 жылғы 03 қазандағы №835 тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалды.

Шарттың талаптарына сәйкес Талапкер Тапсырыс беруші өтінім бергеннен кейін Шарттың техникалық ерекшелігіне сәйкес 20 күнтізбелік күн ішінде биомикроскопқа мамандандырылған шамды қоюға міндеттенді.

2024 жылғы 03 қазанда Тапсырыс беруші тауарды 2024 жылғы 23 қазанға дейінгі мерзімде жеткізу жөнінде мемлекеттік сатып алу порталы арқылы өтінімді жолдады.

2024 жылғы 10 қазанда Өнім беруші тауарды жеткізді, алайда Тапсырыс беруші тауардың техникалық ерекшелік талаптарына сәйкес келмеуіне байланысты жарнама актісін жасады, атап айтқанда Шарттың 5-тармағында көрсетілген ешқандай құжаттарсыз шамдарды күмәнді қаптамада ұсынды, онда техникалық ерекшелікте мәлімделген тауардың шығарылған жерін анықтау мүмкін емес. Тауардың түпнұсқасыз және нотариалды куәландырылмаған шығарылуы сертификатының көшірмесі ғана берілген.

Сондай-ақ сәйкестік сертификаты, яғни сәйкестікті міндетті растауға жататын жағдайда тауардың тікелей қауіпсіздігін растайтын құжат жоқ.

Бұдан басқа, дайындаушы-зауыт (жөнелтуші) берген зауыттық сапа сертификатының және/немесе тауардың техникалық паспортының түпнұсқалары немесе нотариалды куәландырылған көшірмелері немесе дайындаушы-зауыт берген тауардың жинақтылығы, оның техникалық сипаттамасы, пайдалану қағидалары, кепілдіктері туралы мәліметтерді және тауардың сапасын айқындау үшін қажетті басқа да мәліметтерді қамтитын, оның Қазақстан Республикасында танылған нормативтік-техникалық құжаттарға сәйкестігіне өзге де құжаттар ұсынылмаған.

2024 жылғы 28 қазанда Өнім беруші Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізбеуіне байланысты Шарт біржақты тәртіппен бұзылды.
Аталған KINEVO 900 операциялық биомикроскопы 2021 жылдың 07 қыркүйегінде сатып алынды және кепілдендірілген қызмет көрсетуде тұр (37 ай).

Осыған байланысты, Жауапкер қымбат жабдықтың істен шығуын болдырмау үшін түпнұсқа емес қосалқы бөлшектер мен шығын материалдарын орнатуға жол бере алмайды, өйткені «КАРЛ ЦЕЙСС» ЖШС (кепілдік аясындағы сервистік компания) ұсынымына сәйкес микроскопқа арналған қосалқы бөлшектер мен шығын материалдарын жабдық өндірушісі өндіріп, сынақтан өткізуі тиіс.

Құжатқа қол қойылған: Абенова А. Ч., 25.12.2024
Заңды күшіне енген күні: 28.01.2025, судья Абенова А. Ч., 03.02.2025
7119-24-3-1/14015

Бұдан басқа, Шартқа техникалық ерекшелік талаптарына сәйкес Жауапкер жабдықты дайындаушы зауыт белгілеген тауарды ғана қабылдайды.

Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 170 -тармағына сәйкес конкурстық құжаттаманың жобасына ескертулерді, сондай-ақ конкурстық құжаттаманың ережелерін түсіндіру туралы сұрау салуларды әлеуетті өнім берушілер веб-портал арқылы мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарландыру орналастырылған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей тапсырыс берушіге, ұйымдастырушыға, бірыңғай ұйымдастырушыға жіберуі мүмкін. Алайда, Талапкер белгіленген мерзімде Жауапкерге конкурстық құжаттаманың ережелерін түсіндіру үшін жүгінбеді.

Сонымен қатар, аталған сатып алу Ашық конкурстың қорытындылары негізінде жүзеге асырылды және Талапкер конкурстық құжаттамаға техникалық ерекшелік негізінде өзі Шартқа техникалық ерекшелік жасап, оған қол қойды, яғни техникалық ерекшелікте көрсетілген тауарға қойылатын талап бойынша барлық талаптарды қабылдады.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде Талапкердің техникалық ерекшелікке сәйкес келмейтін және биомикроскоппен үйлеспейтін тауарды қабылдау міндеттемесі туралы талабы заңсыз деп санаймыз.

Сонымен қатар, аталған сатып алу ТМККК және МӘМС шеңберінде пациенттерге медициналық қызмет көрсету үшін жүзеге асырылды.

ҚР Жоғарғы Сотының 2012 жылғы 14 желтоқсандағы № 5 Нормативтік қаулысының 5 -тармағына сәйкес мемлекеттік сатып алу туралы өздерімен жасалған шарттар бойынша өздерінің міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған өнім берушілерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп тану туралы талаптарды қарау кезінде соттар әділдік пен парасаттылық өлшемдерін ҚР АПК-нің 6-бабының 6-бөлігіне сай негізге ала отырып, ҚР АПК-нің 359-бабына сәйкес, Өнім берушінің кінәсін азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің негіздемесі және тапсырыс беруші үшін туындаған жағымсыз салдар ретінде назарға алулары қажет. Шарт тарабына шарт жасасу кезінде үміт артуға құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айрылып қалатын шығын келтіруді жағымсыз салдар ретінде түсіну керек (ҚР АК-нің 401-бабының 2-тармағы).

Талапкердің кінәсін ескере отырып, азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің негізі және Жауапкер үшін туындаған жағымсыз салдарлар, ол шарт жасасу кезінде күткенінен айырылып қана қоймай, Талапкердің кінәсінен осы уақытқа дейін қажетті тауарды сатып алмаған.

Жоғарыда көрсетілгендердің негізінде, талап қою бойынша, толығымен бас тартуды, ал қарсы талап қою бойынша «Батыс Плюс» жеке кәсіпкерін мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тануды сұрайды.

Талап қоюшы талабын қуаттады, қарсы талапты қанағаттандырусыз қалдыруды сұрады.

Жауапкер өкілі талап қоюмен келіспеді, жеке кәсіпкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тануын сұрады.

Құжатқа қол қойылған: Абенова А. Ч., 25.12.2024
Заңды күшіне енген күні: 28.01.2025, судья Абенова А. Ч., 03.02.2025
7119-24-3-1/14015

Сот, іс материалдарын зерттеп, тараптардың өкілдерін тыңдап, мынадай түйінге келеді.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Азаматтық кодекстің (бұдан әрі АК) 386-бабының 3-тармағына сәйкес, егер заңнамада немесе шартта шарттың қолданылу мерзімі көзделсе, бұл мерзімнің аяқталуы тараптардың келісімі бойынша міндеттемелерінің тоқтатылуына әкеп соғады.

АК-ның 403-бабының 1-тармағының талаптарына сәйкес, шарт бұзылған кезде тараптардың міндеттемелері тоқтатылыды.

Сот отырысында, тараптардың құқықтық қатынастары мемлекеттік сатып алу туралы шарттан туындайтыны анықталды.

Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу» туралы Заңының (бұдан әрі - Заң) 12-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сәйкес, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі - АК) 272-бабына сәйкес, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс.

Заңның 38-бабының 4-тармағына сай әлеуетті өнім берушінің баға ұсынысын беруі оның мемлекеттік сатып алу туралы шарт жобасында көзделген талаптарды сақтай отырып, тауарды беруді, жұмыстарды орындауды, қызметтер көрсетуді жүзеге асыруға келісім білдіру нысаны болып табылады.

Шарт 2024 жылдың 31 қазанында біржақты тәртіппен бұзылды, ал шарттың әрекет ету мерзімі 2024 жылдың 31 желтоқсанына дейін белгіленген.

Тауарды қабылдауға мәжбүрлеу туралы талапты қарау кезінде шарт бұзылғанын, талап қоюшының шартты бұзуды дауламағанын ескере отырып, сот талап қоюды қанағаттандыру мүмкін емес деп санайды.

Сот тараптардың арасындағы құқықтық қатынастардың мемлекеттік сатып алу туралы шарттың бұзылуына байланысты тоқтатылғанына назар аударады.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңның 12-бабының 4-тармағының 3) тармақшасында мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

«Соттардың мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы қолдану туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2022 жылғы 21 сәуірдегі №4 Нормативтік қаулысының 8-тармағына сәйкес, мемлекеттік сатып алу туралы өнім берушілермен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін

Құжатқа қол қойылған: Абенова А. Ч., 25.12.2024
Заңды күшіне енген күні: 28.01.2025, судья Абенова А. Ч., 03.02.2025
7119-24-3-1/14015

орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп тану туралы талап қоюларды қарау кезінде соттар АК-нің 359-бабына сәйкес азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің негізі ретінде өнім берушінің кінәсін және АПК-нің 6-бабының бесінші бөлігіне сәйкес әділдік пен ақылға сыйымдылық өлшемшарттарын негізгі ала отырып, Тапсырыс беруші үшін туындаған жағымсыз салдарларды назарға алуы қажет. Шарт тарабына шартты жасасу кезінде үміт артуына құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айырылуына келтірген залалды жағымсыз салдарлар деп түсінген жөн (АК-нің 401-бабының 2-тармағы). Сонымен қатар мемлекеттік сатып алу туралы шарт талаптарының жұмыстарды орындау мерзімін өзгерту бөлігінде жасаған қосымша келісімдері де соттардың бағалауына жатады.

АІЖК 6-бабының 5-тармағына сәйкес, егер заңда немесе дауласушы тараптардың келісімінде тиісті мәселелерді соттың шешуі көзделсе, сот бұл мәселелерді әділдік пен ақылға сыйымдылық өлшемшарттарын негізге ала отырып шешуге міндетті.

В судебном заседании установлено, что ответчик обязательства по поставке товара исполнил ненадлежащим образом.

2024 жылғы 10 қазанда Өнім беруші тауарды жеткізді, алайда Тапсырыс беруші тауардың техникалық ерекшелік талаптарына сәйкес келмеуіне байланысты жарнама актісін жасады, атап айтқанда Шарттың 5-тармағында көрсетілген ешқандай құжаттарсыз шамдарды күмәнді қаптамада ұсынды, онда техникалық ерекшелікте мәлімделген тауардың шығарылған жерін анықтау мүмкін емес. Тауардың түпнұсқасыз және нотариалды куәландырылмаған шығарылуы сертификатының көшірмесі ғана берілген.

Сондай-ақ сәйкестік сертификаты, яғни сәйкестікті міндетті растауға жататын жағдайда тауардың тікелей қауіпсіздігін растайтын құжат жоқ.

Бұдан басқа, дайындаушы-зауыт (жөнелтуші) берген зауыттық сапа сертификатының және/немесе тауардың техникалық паспортының түпнұсқалары немесе нотариалды куәландырылған көшірмелері немесе дайындаушы-зауыт берген тауардың жинақтылығы, оның техникалық сипаттамасы, пайдалану қағидалары, кепілдіктері туралы мәліметтерді және тауардың сапасын айқындау үшін қажетті басқа да мәліметтерді қамтитын, оның Қазақстан Республикасында танылған нормативтік-техникалық құжаттарға сәйкестігіне өзге де құжаттар ұсынылмаған.

2024 жылғы 28 қазанда Өнім беруші Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізбеуіне байланысты Шарт біржақты тәртіппен бұзылды.

Аталған KINEVO 900 операциялық биомикроскопы 2021 жылдың 07 қыркүйегінде сатып алынды және кепілдендірілген қызмет көрсетуде тұр (37 ай).

Осыған байланысты, Жауапкер қымбат жабдықтың істен шығуын болдырмау үшін түпнұсқа емес қосалқы бөлшектер мен шығын материалдарын орнатуға жол бере алмайды, өйткені «КАРЛ ЦЕЙСС» ЖШС (кепілдік аясындағы сервистік компания) ұсынымына сәйкес микроскопқа

Құжатқа қол қойылған: Абенова А. Ч., 25.12.2024
Заңды күшіне енген күні: 28.01.2025, судья Абенова А. Ч., 03.02.2025
7119-24-3-1/14015

арналған қосалқы бөлшектер мен шығын материалдарын жабдық өндірушісі өндіріп, сынақтан өткізуі тиіс.

Жауапкер өкілінің бұл өнім сертификатты қажет етпейтіндігі туралы дәлелдерін сот есепке ала алмайды, себебі өнім медициналық мақсатта пайдаланылады және сәйкесінше сертификатталуы керек.

Бұл ретте, жауапкердің өкілі тауарға веб-сайтта тапсырыс беріп, жеткізу қызметі арқылы жеткізгенін түсіндірді. Сонымен бірге, бұл өнімді сатып алу кезінде жауапкер тапсырыс берілген өнімнің сапасын тексеруге әрекет жасамаған, сондықтан өнім сертификатталған деп мәлімдей алмайды.

Осы мән-жайлар бойынша жауапкердің шарт талаптарымен және техникалық шарттармен таныс екенін, бірақ шарт талаптарын тиісінше орындамағанын ескере отырып, сот талап қоюшының мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талабы негізді және қанағаттандыруға жатады деген қорытындыға келеді.

Мұндай жағдайларда, сот әлеуетті өнім беруші ретінде мемлекеттік сатып алу туралы шартта көзделген міндеттемені орындамаған деген қорытындыға келеді. Сондықтан сот талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюын заңды және қанағаттандырылуға жатады деп табады.

АПК-нің 117-баптарына сәйкес, жауапкерден мемлекеттің пайдасына мемлекеттік баж өндіріп алынуға жатады.

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы ЖК «Батыс Плюс» атынан Сарсенгалиев Арман Нурлановичтың жауапкер «Ұлттық нейрохирургия орталығы» АҚ-н тауарларды қабылдауға міндеттеу туралы талап қоюы - қанағаттандырудан бас тартылсын.

Талап қоюшы «Ұлттық нейрохирургия орталығы» АҚ-ның жауапкер ЖК «Батыс Плюс» атынан Сарсенгалиев Арман Нурлановичты мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюы - қанағаттандырылсын.

ЖК «Батыс Плюс» атынан Сарсенгалиев Арман Нурланович мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп танылсын.

ЖК «Батыс Плюс» атынан Сарсенгалиев Арман Нурлановичтен мемлекет кірісіне 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Соттың шешіміне, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің

Құжатқа қол қойылған: Абенова А. Ч., 25.12.2024
Заңды күшіне енген күні: 28.01.2025, судья Абенова А. Ч., 03.02.2025
7119-24-3-1/14015

көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қалалық сотына шағым беруге немесе прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруге болады.

Судья **А.Абенова**

Құжатқа қол қойылған: Абенова А. Ч., 25.12.2024

Заңды күшіне енген күні: 28.01.2025, судья Абенова А. Ч., 03.02.2025

7119-24-3-1/14015